

Облыс көлемінде тұратын мүмкіндігі шектеулі жандарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету қашан да арнаулы кітапхана назарында.

2021 жылы келісім-шарт бойынша арнаулы кітапхана оқырмандар сұраныстарын қанағаттандыруда 12 аудандық кітапхана пунктін және қала ішіндегі 2 кітапханалық пунктті (қалалық қарттар үйі мен облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернаты) арнаулы әдебиеттермен қамтамасыз етті. Аудандық ОКЖ-лері жанындағы кітапханалық пункттер бойынша көз мүгедегі бар оқырмандар саны-344, берілген әдебиеттер саны – 3582 дана.

Балалар және жасөспірімдер оқуын қолдау жылына орай кітапханаға



ерекше топтағы балаларды кітап оқуға арту мақсатында облыстық арнаулы кітапхана «Алма сөресі» кітап эстафетасын ұйымдастырды. Аталмыш марафонға 12 аудандық және 30-дан аса ауылдық кітапханалар мамандары қатысты.

Барлық аудандық және ауылдық кітапханалар тек қызықты кітап сөрелері мен көрмелерін ұйымдастырып қана қоймай, балалардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыра түсетін түрлі мәдени шаралар ұйымдастырды. Эстафетаға орай жасалған барлық бейнематериалдар кітапхананың әлеуметтік желілерінде жарияланып отырды. Эстафетаға қатысқан барлық қатысушылар кітапхана атынан дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.



Аудандық кітапханалық пункттердің ұйымдастыруымен өткен шараларға



тоқтала кетсек: ұлы Абайдың шығармашылығы арқылы жас ұрпақты білімге, өнерге, еңбексүйгіштікке шақыру мақсатында Сырым аудандық ОКЖ-де «Әлемге таныған ұлы Абай» әдеби сазды кеш ұйымдастырылды.

Ақжайық аудандық ОКЖ-де қазақ халқының

ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының белгілі туындысы «Маса» мысал-өлеңіне 120 жыл толуына орай «Елшілдік ұраны - «Маса» атты кітап көрмесіне виртуалды шолу, Теректі аудандық ОКЖ–сі ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығын оқырмандар арасында насихаттау мақсатында «Қазақ жырының Қадыры» онлайн жыр сағатын ұйымдастырды.

Қазақ ақыны, ірі айтыскер Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай Шыңғырлау ОКЖ-де «Жүз жасаған жыр-



**жүрек»** атты поэтикалық онлайн марафон өтсе, Қаратөбе аудандық ОКЖ-де **«Өлең - сөздің даңғылы, бар қазақтың Жамбылы»** әдеби кеші өтті.

Жаңақала аудандық ОКЖ-де күйші-сазгер, Қазақстанның халық әртісі, күйші *Дина Нұрпейісованың туғанына 160 жыл толуына* байланысты балаларға арналған **«Күй анасы - Дина»** музыкалық сағаты ұйымдастырылып, **«Күй өнерінің саңлағы»** бейнеролигі әлеуметтік желіде жарияланды.

Ақиық ақын *Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына* орай Жәнібек аудандық ОКЖ-сі **«Қазақ поэзиясының Хантәңірі»** атты онлайн жыр кешін өткізсе, Қаратөбе ОКЖ-сі **«Есіңе мені алғайсың»** тақырыбында бір күндік дауыстап оқу марафонын, Казталов аудандық ОКЖ-де **«Жырлайды жүрек»** атты онлайн әдеби кеш ұйымдастырылды. Белгілі жазушы *Мұқадес Есламғалиұлының туғанына 75 жыл толуына* орай Бөрлі аудандық ОКЖ-де **«Мәңгі өлмейтін жазушы»** атты бейне – презентация ұсынылса, Бөрлі аудандық ОКЖ-де Алаш арыстарының бірі - Әлихан Бөкейханның өмірі мен ел үшін атқарған еңбегін насихаттау, жасұрпаққа үлгі етіп, патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында **«Алаш алыбы»** атты виртуалды портал ұсынылды.



Ақын, аудармашы *Шәмшібай Сариев 75 жасқа толуына орай* Жаңақала аудандық ОКЖ-де **«Жырлары жүректі жаулаған»** ән кеші оздырылса, Қазақстанның халық әртісі, қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, композитор, дирижер *Ахмет Жұбановтың туғанына 115 жыл толуына орай* Бәйтерек ОКЖ-де **«Өмірі де, өнері де өнеге»** атты онлайн әдеби сазды сағаты мүмкіндігі шектеулі жасөспірім оқырмандар назарына ұсынылды.

Бөкейорда аудандық ОКЖ-де *Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 150 жыл толуына орай* **«Күш атасы —Қажымұқан»** тақырыптық кеш ұйымдастырылды. *«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы* бойынша Шыңғырлау аудандық ОКЖ-де **«Драматургия дарабоздары»** дайджест ақпарат ұсынылса, Тасқала аудандық ОКЖ-сінде Ыбырай Алтынсаринның шығармаларынегізінде балаларды кітап оқуға тарту мақсатында **«Ұлы ұстаздың ұлағаты»** атты әдеби панорама кеші өткізілген.